

## Көшені қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққыр ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы N 2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 ақпанда N 5345 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңдарына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 12 желтоқсандағы № 4 қорытындысына сәйкес Жалағаш ауданы Аққыр ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалағаш ауданы Аққыр ауылдық округі Аққыр ауылындағы "Мектеп" көшесі "Нұрылда Таспенев" есімімен қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аққыр ауылдық округінің әкімі*

*Ж. Матаев*